

БИЛІК ЕСЕП БЕРДІ



Бурнағы аптада қалалық мәслихаттың кезекті ХІ сессиясы өтіп, онда қала әкімі Александр Вербняктің үстіміздегі жылдың І жартыжылдығында атқарған жұмыс есебі тыңдалды. Есептік баяндаманың тезисі газетіміздің №28 санында жарияланғандықтан, оларды қайталап жатпаймыз. Тек қала басшысы баяндаған кейбір жайттарға тоқталғанды жөн көрдік.

Алаңдауға негіз жоқ

▲ **А.МЕЙРАМОВА**

2015 жылдың 1 мамырына берілген мәліметтерге сәйкес, еңірімізде 151,5 мың тұрғын бар. Бір адамның орташа еңбекақысы - 114 мың теңге, бұл

өткен жылғымен салыстырғанда 8,7 пайызға жоғары екен.

Қала құрушы кәсіпорындардың өнім өндіруі 2014 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 15,8 пайызға төмендегенін айтқан А.Вербняк оның

себептерін былай түсіндірді:

- Біз қажетті электр қуатын өндіре алмай немесе жер астынан жеткілікті мөлшерде көмір ала алмай отырғанымыз жоқ, ол қолдан келеді.

(Жалғасы 2-бетте)

Алаңдауға негіз жоқ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Мәселе өнімге деген сұраныстың болмауында. Қазіргі кезде кәсіпорын басшылары өз өніміне тұтынушы табудың қамында. Алайда ашығын айттайық, көмір өндіруде былтырғы көрсеткіштерге жетпейтіміз анық, энергетика саласында да жағдай осындай. Бұл ретте әлемдік нарықтың өсері барын да ескерген жөн. Десе де алаңдауға негіз жоқ деп білемін, бәрі де жақсы болады.

Қалада қазіргі кезде құны 864,6 млрд. теңге болатын 32 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Оның 4-уі республиканың индустрияландыру картасына енген. Қыркүйекте темір бетонды білеу өндіретін «R.W.S. CONCRETE» ЖШС зауыты іске қосылмақ. Сол сияқты, «R.W.S. Wheelset» ЖШС-нің теміржол біліктерін шығаратын зауыты салынып жатыр. Жыл соңына дейін Бозшакөл тау-кен байыту комбинатының ірі жобасы жүзеге асып, 1500 адамды

жұмыспен қамтитын кәсіпорын пайдалануға беріледі. Қазірдің өзінде комбинатқа жұмысқа қабылдау жүргізіле бастаған. Білуімізше, персонал қабылдау орындары Екібастұздың өзінде орналасқан. Мыс өндіруден ең ірі кәсіпорын саналмақ Бозшакөлге жүргізушілер, бұрғылау қондырғыларының машинистері, геологтар қажет.

Әлеуметтік саланың дамуы турасында баяндағанда Александр Вербняк жаңа оқу жылына дейін 10 мектеп пен 10 балабақшада жөндеу жүргізіліп, оның 5-уінде жұмыс аяқталғанын тілге тиек етті. Ауыл мектептерінің ең өзекті проблемасы кадрлар тапшылығы десек, биыл «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 9 жас маманмен келісім жасалған екен.

Білім саласында атқарылған біраз істі тізгенде қала әкімі ҰБТ қорытындысына да тоқталды. Екі жыл қатарынан тестілеу қорытындысы бойынша Екібастұз соңғы орындардың бі-

рінде келеді. Көрсеткішті жақсарту үшін не істеу керек? Бұл шаруаны тереңінен саралауды әкім орынбасары А.Марданова мен білім бөлімі басшысы Н.Макумоваға тапсырғанын айтты. Сондай-ақ, жыл сайын ең төменгі көрсеткіштермен «көзге түскен» мектептердің директорларына қызметтен босату сияқты жазаларға дейін қолдану қажет дегенін жасырмады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы жағдай жайын сөз еткенде әкім екібастұздықтарға коммуналдық қызмет көрсететін кәсіпорындардың өткен жылу беру маусымында атқарған істерін атап, келер маусымға дайындықтың қалай жүргізіліп жатқанынан хабардар етті. «Жылу маусымының жайлы өтуі тек коммуналдық кәсіпорындардың жұмысына ғана тәуелді емес, бұған тұрғындар да атсалысуы керек», - деген қала басшысы депутаттардан сайлаушыларды өз үйлерін

қысқа әзірлеуге жұмылдыруды сұрады. Айта кетейік, қаладағы 655 көпқабатты тұрғын үйдің 12-сінде жылу маусымына дайындық шаралары мүлде жүргізілмейді екен.

Будан кейін қаланың лифт қызметінің, сондай-ақ, өңірдегі ауыл шаруашылығының дамуына, қаладағы криминогендік ахуалға тоқталған Александр Федорович жергілікті биліктің биылғы жұмысы Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында белгіленген міндеттерді орындауға бағытталғанын айтып өтті.

Есеп аяқталған соң депутаттар жолдаған алғашқы сауал кварталдардағы тазалық жайын қозғады. Оған жауап берген Александр Федорович:

- Балалардың ойын алаңшаларындағы тазалыққа ПИК қызметкерлері жауап беруі тиіс деп үнемі айтамын. Облыс әкімінің пікірі де осы. Әр алаңшаның жанына бір-бір аула сыпырушы мен полиция қызметкерін қоя алмаймыз. Сол себепті тазалық дегенді тұрғындар алдымен өздерінен бастауы керек, өздері тү-

ратын ауланың ластанбауын ойласа деймін. Бүгін жинаса, ертеңіне қоқыс үйіліп жатады. Содан соң тұрғындар: «Мынаны кім жинайды?» деп таңдана сұрайды. Шашқан адам жинауы тиіс! - деді.

Қалалықтар Южный поселок деп білетін жер үйлер секторын көріктендіру мәселесі биліктің халықпен өткізген әр кездесуінде айтылады. Аталмыш мәселе осы жолы да көтерілгенде, әкім:

- Биыл Южный қалашығы назардан тыс қалмағанын байқаған боларсыздар: дәл қазір Гридин көшесінің жолы жөнделуде, дренаж жасалып жатыр, жарықтандыру да қолға алынды. Ол ауданда жұмыс жалғасуда, - деді. Бұған қоса әкім осы уақытқа дейін қаладағы кварталішілік аумақтардың 80 пайызына жуығы жөнделгенін атап өтті.

Сессия соңында қалалық мәслихат депутаттары Арлан Садықов пен Татьяна Шмидт сөз алып, жарты жыл ішінде әкімдік атқарған жұмыстар оң баға берді. Әріптестері сессияға қатысып отырған облыстық мәслихат депутаттары да қолдады.